

**Павлодар облысы аумағында шектеулі
карантиндік шаралар
туралы
№9 ҚАУЛЫСЫ**
(өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы)

2021 жылғы «12» сәуір

Павлодар қаласы

Мен, Павлодар облысы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері, Алиев Батырбек Төлеубекұлы, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 38-бабына, 104-бабы, 2-тармағының 3)-тармақшасына, сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2021 жылғы 31 наурыздағы «Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралары туралы» №8 Қаулысына төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 1) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:
«1) ашық және жабық ғимараттарда көріністі, спорттық іс-шараларды, отбасылық, ойын-сауық, ұжымдық, корпоративтік, салтанатты (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, ас беру) іс-шараларын және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге (митингілер, шерулер, жиналыстар, көрсетілімдер т.б.) өткізілуіне; сондай-ақ жеке үй-жайлар мен құрылымдарды бұқаралық корпоративтік шараларды өткізу үшін жалға алуға тыйым салу»;

2) 1-тармақтың 2) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:
«2) ойын-сауық мекемелерінің (караоке, бильярд, қорқор бөлмелері, букмекер кеңселері, компьютер клубтары, ойын клубтары, түнгі клубтар, боулинг орталықтары) қызметіне тыйым салынады. «Ashyq» жобасына қатысушы компьютерлік клубтардың, боулинг орталықтарының қызметіне рұқсат етіледі»;

3) 1-тармақтың 6) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:
«6) толымдылығы 30 адамнан аспайтын жағдайда мәдениет объектілерінің қызметіне (дайындықтар) рұқсат берілсін»;

4) 1-тармақтың 7) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:
«7) БМСД №67 Қаулысының талаптарын сақтай отырып, сыйымдылығын 20% -дан асырмай театрлардың, кинотеатрлардың, концерт залдарының жұмысына рұқсат берілсін»;

5) 1-тармақтың 10) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:
«10) бильярд залдарының жұмысына тыйым салынсын»;

6) 1-тармақтың 11) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:
«11) балалар ойын-сауық орталықтарының жұмысына тыйым салынсын»;

7) 1-тармақтың 16) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:
«16) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын сақтай отыра, бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, ұжымдық іс-шараларды өткізбей, жікелей діни объектілердің (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т. б.) қызметіне рұқсат берілсін»;

8) 1-тармақтың 23) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:
 «23) ғимарат ішіндегі жалпы орын санын 50 ден асырмай, толымдылығын 50% асырмай, әлеуметтік арақашықтықтың, отырғызылуын, үстелдердің көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр арақашықтықта орналастырылуын және бір үстел алдында 4-6-дан аспайтын адамдардың отырғызылуын сақтап, ұжымдық, салтанатты, отбасылық және басқа жаппай өткізілетін іс-шараларды өткізусіз, сағат 7:00-ден бастап 24:00-ге дейінгі жұмыс тәртібімен, ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра қоғамдық тамақтану нысандарының (мейрамханалар, кафе, барлар, асханалар мен басқа нысандар) қызметіне осы Қаулыда белгіленген жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін келу-шілердің ас ішу залында болуына тыйым салумен рұқсат берілсін»;

9) 1-тармақтың 24) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:

«24) банкет залдарының қызметіне тыйым салынсын»;

10) 1-тармақтың 27) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:

«27) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра, көрермендердің қатысуынсыз спорттық іс-шараларды өткізуге рұқсат берілсін»;

11) 1-тармақтың 33) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:

«33) ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, бір келушіге кемінде 4 шаршы метрді қамтамасыз еткен жағдайда, уақытын сағат 8:00 ден 24:00-ге дейін шектеумен, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі күндері жұмысын тоқтата тұрумен сауналардың қызметіне отыра рұқсат берілсін ("Ashyq" жобасына қатысушыларды қоспағанда)»;

12) 1-тармақтың 47) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:

«47) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып балалар кабинеттерінің/түзету, сауықтыру орталықтарының, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының қызметіне топтағы адам санын 15 асырмай рұқсат берілсін»;

13) 1-тармақтың 49) тармақшасы төмендегідей редакцияда жариялансын:

«49) ҚР БМСД №67 Қаулысының талаптарын орындай отыра, мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кәсіпорындардың), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық кампаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне рұқсат берілсін. Бұл ретте қызметкерлердің кем дегенде 50% қашықтықтағы жұмыс түрінде қалады (өндірістік қажеттілікке байланысты)».

2. Меншік түріне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалар үшін осы Қаулының орындалуы міндетті болып табылады. Заң бұзушылықтар анықталса, құзыреті мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шегінде жедел шаралар қабыл-дансын.

3. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы Қаулы 2021 жылдың 15 сәуірінен сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді.

**Павлодар облысының
Бас мемлекеттік
санитарлық дәрігері**



Б. Алиев

Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттары

№	Объектілер/салалар	Сары аймақ
1	Өнеркәсіп	+
2	Құрылыс (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда)	+
3	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	+
4	Әуе қатынасы	+
5	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер және т. б.).	+
6	Туристік компаниялар, бизнес орталықтары (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг көрсетілетін қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	+
7	Гүл дүкендері, фотосалондар	+
8	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	+
9	Музейлер, кітапханалар	+
10	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер	+
11	Балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары	✓ топтарды біріктіре отырып, іс-шаралар жүргізбестен, ата-аналар мен бірге жүретін Адамдардың рұқсатынсыз жұмысқа рұқсат беру
12	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтері, косметологиялық қызмет көрсететін орындар (жазылу бойынша)	+
13	Супермаркеттер, гипермаркеттер	+
14	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	+
15	Ашық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	+
16	Қоғамдық тамақтану объектілері және фудкорт (тек жеткізуге және әкетуге)	+
17	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология (жазылу бойынша)	✓ алдын ала жазылу бойынша
18	Қоғамдық көлік	✓ (қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толтыру) жолаушыларды қоғамдық көлікке қорғаныс маскаларынсыз жіберуге жол бермеу
19	Банктер, ХҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	✓ уақыт бойынша шектеумен 9.00-ден 18.00-ге дейін; ХҚКО, " Қазпочта " АҚ сенбі күні сағат 14.00-ге дейін, жексенбі және мереке күндері-демалыс
20	Мектепке дейінгі мекемелер	✓ 25 адамнан аспайтын топтарды жинақтау сақталған кезде кезекші топтар
21	Ұйымдар, офистер	✓ 50 %- қашықтықтан, 50%- күндізгі режим

22	Діни объектілер	✓ ұжымдық іс-шараларды өткізбей
23	Қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	✓ толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7-ден 24-ке дейін жұмыс істеуге рұқсат
24	Азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрған)	+
25	Моншалар	+
26	Сауналар	✓ (жексенбіден басқа) ("Ashyq" жобасына қатысушыларды қоспағанда »)
27	СПА-орталықтар, бассейндер	+
28	Жабық базарлар (азық-түлік және азық-түлік емес)	+
29	Қала маңындағы жолаушылар поездарының (электричкалардың) қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
30	Жолаушылар поездарының қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз
31	Қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы	+
32	Спорт кешендері, спорттық сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар	+
33	СОО, сауда үйлері, сауда желілері	+
34	Мәдениет объектілері (дайындық)	✓ 30 адамға дейін
35	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары	✓ толтырылуы 20%-дан артық емес
36	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес
37	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	✓ толтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес
38	Бильярд	-
39	Компьютерлік клубтар	✓ толтырылуы 50%-дан артық емес, жұмыс режимі сағат 12.00-ден 24.00-ге дейін, «Ashyq» пилотына қатысатын кәсіпкерлік субъектілеріне ғана жұмыс істеуге рұқсат беріледі. 18 және одан үлкен жастағы адамдар ғана жіберіледі
40	Боулинг	✓ толтырылуы 50%-дан артық емес, жұмыс режимі сағат 12.00-ден 24.00-ге дейін, «Ashyq» пилотына қатысатын кәсіпкерлік субъектілеріне ғана жұмыс істеуге рұқсат беріледі.
41	Цирктер	-
42	Балалардың ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар)	-
43	Көксермендермен спорттық іс-шараларды өткізу	✓ көксермендер жоқ
44	Ас беруді өткізу	-
45	Банкет залдары	-
46	Түнгі және ойын клубтары, караоке	-
47	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, көрмелер, конференциялар, форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар	-

«+» - қызметіне рұқсат етілген;

«✓» - қызметіне ішінара (шектеулермен) рұқсат етілген;

«-» - қызметіне тыйым салынған.»;